

# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген кезең: 2026 жылғы 2 - 8 сәуір

Респондент саны: 14

(AERC, Alatau City Bank Analytics, Alatau City Invest, BCC Invest, Halyk Finance, ING, NAC, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Сауалнама нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2025 (факт)	2028	2028	2028
<b>Brent маркалы мұнай бағасы</b> бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	69,1	<b>80,0</b> (62,0)	<b>70,0</b> (63,7)	<b>70,0</b> (65,3)
<b>ЖІӨ</b> %, ж/ж	6,5*	<b>5,0</b> (5,0)	<b>4,6</b> (4,5)	<b>4,3</b> (4,3)
<b>ТБИ</b> %, желт. өткен жылдың желт.	12,3	<b>10,0</b> (10,0)	<b>8,6</b> (8,0)	<b>7,0</b> (7,0)
<b>Базалық мөлшерлеме</b> жылдық %, жыл соңына	18,0	<b>15,9</b> (15,9)	<b>13,3</b> (12,0)	<b>11,3</b> (11,0)
<b>Тауарлар мен қызметтер экспорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	90,1	<b>98,0</b> (83,7)	<b>96,5</b> (90,6)	<b>100,6</b> (93,0)
<b>Тауарлар мен қызметтер импорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	80,3	<b>83,0</b> (73,1)	<b>85,8</b> (75,6)	<b>89,3</b> (79,0)
<b>USD/KZT бағамы</b> жылына орта есеппен	521,6	<b>515,0</b> (535,0)	<b>532,5</b> (555,1)	<b>550,0</b> (578,0)
<b>Бейтарап базалық мөлшерлеме**</b> жылдық %		<b>10,0</b> (10,0)		
<b>ЖІӨ-нің ұзақмерзімді өсуі***</b> %, ж/ж		<b>4,4</b> (4,5)		
<b>5 жылдан кейінгі инфляция</b> %, ж/ж		<b>5,5</b>		

**МҰНАЙ БАҒАСЫ.** Сауалнама қатысушыларының мұнай бағасына қатысты күтулері барлық болжамдық кезеңде жоғары қарай түзетілді. Ең айқын түзетулер 2026 жылғы бағалаулар бойынша жасалды: Brent маркалы мұнайдың жылдық медианалық бағасы баррельге 62,0 АҚШ долларынан **80,0** АҚШ долларына дейін өсті. 2027 және 2028 жылдарға арналған болжамдар да жоғары бағаланып, бұрынғы 63,7 және 65,3 АҚШ долларынан тиісінше **70,0** АҚШ долларына өзгертілді.

\* ЖІӨ – 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан кезеңі бойынша алдын ала деректер

\*\* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

\*\*\* 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

**ЖІӨ.** Экономиканың өсуі жөніндегі болжамдар айтарлықтай өзгерген жоқ. 2027 жылға қатысты күтілімдер сәл түзетіліп, 4,5%-дан **4,6%**-ға дейін көтерілді. 2026 және 2028 жылдарға арналған болжамдар тиісінше **5,0%** және **4,3%** деңгейінде сақталды.

**ТБИ.** Аналитиктердің 2027 жылға арналған инфляция болжамы 8,0%-дан **8,6%**-ға көтерілді. 2026 және 2028 жылдарға қатысты сауалнама қатысушылары инфляцияның тиісінше **10,0%** және **7,0%** деңгейінде сақталуын күтуде.

**БАЗАЛЫҚ МӨРШЕРЛЕМЕ.** Сауалнама қатысушылары 2026 жылдың соңында негізгі мөлшерлеменің **15,9%** деңгейінде сақталатынын болжайды. 2027 жылға арналған медианалық болжам 12,0%-дан **13,3%**-ға дейін көтерілді. 2028 жылға арналған күтулер де сәл жоғарылап, **11,3%**-ға дейін көтерілді (бұрын – 11,0%).

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ.** Мұнай бағасына қатысты бағаларды қайта қараудан кейін респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспорты бойынша болжамдары да бүкіл болжамды кезеңде көтерілді. Ең елеулі түзету 2026 жылға тиесілі – 83,7 млрд доллардан **98,0** млрд долларға дейін. 2027 жылы бағалаулар да өсті – бұрынғы 90,6 млрд АҚШ долларынан **96,5** млрд АҚШ долларына дейін, алайда 2026 жылмен салыстырғанда түзету әлдеқайда ұстамды. 2028 жылы өсім қайта жалғасып, болжам 93,0 млрд АҚШ долларынан **100,6** млрд АҚШ долларына дейін көтерілді.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ.** Сарапшылардың пікірінше, болжамды кезеңнің барлығында тауарлар мен қызметтер импорты көлемінің жоғары өсу динамикасы сақталады. 2026 жылға арналған бағалау 73,1-ден **83,0** млрд долл. АҚШ-қа дейін көтерілді. Сонымен бірге, 2027 және 2028 жылдарға арналған болжамдардың неғұрлым елеулі қайта қаралуы тиісінше **85,8** және **89,3** млрд долл. АҚШ-қа дейін (бұрын – 75,6 және 79,0 млрд долл. АҚШ) орын алады.

**USD/KZT БАҒАМЫ.** Теңгенің бағамына қатысты бағалаулар болжамдық кезеңде жақсарды. 2026 жылға арналған болжам нығаю жағына қарай қайта қаралды – 535,0-ден **515,0** теңгеге дейін, 2027 жылға – 555,1-ден **532,5** теңгеге дейін АҚШ долларына. 2028 жылы USD/KZT бағамы жыл бойы орта есеппен **550,0** теңге деңгейінде күтіледі (бұрын – 578,0 теңге).

**БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Базалық мөлшерлеменің мәні, яғни ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, ал ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік беретін деңгей – талдаушылардың бағалауы бойынша – **10,0%** (бұрын – **10,0%**).

**ЖІӨ-нің ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ.** Респонденттер 5 жыл шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,4%** деңгейінде бағалап отыр (бұрын – **4,5%**).

**5 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ИНФЛЯЦИЯ.** Сауалнама жауапкерлерінің бағалауы бойынша, 5 жылдан кейінгі мерзімде инфляция мақсатты деңгейге жақын болып, шамамен **5,5%** құрайды.

**Болжам диапазонының** кеңдігі және жекелеген макроэкономикалық көрсеткіштер динамикасының әркелкі болуы аналитиктердің бағалауында белгісіздік сақталып отырғанын көрсетеді. Мұнайға қатысты күтілімдердің жақсаруы бағам, экспорт және импортқа қатысты болжамдардың қолайлы өзгеруіне әкелді. Дегенмен ЖІӨ мен инфляцияға қойылған бағалаулар айтарлықтай өзгермеді: экономиканың өсуі потенциал деңгейіне жақын қалып отыр, ал орта мерзімді кезеңде инфляциялық қысым әлі де жоғары деңгейде сақталады.